

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 812 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

мына жол:

"

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараты	391
--	-----

"

мынадай редакцияда жазылсын:

"

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының аппараттары	396
---	-----

"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

*Н.Назарбаев*